

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің Жоғары әскери училищесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 18 наурыздағы N 349

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне жоғары білікті офицер кадрларын даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Петропавл ауыл шаруашылығын механизациялау техникумының базасында жыл сайын 220 адам қабылдап жоғары әскери-арнаулы және орта әскери-арнаулы білімді офицер кадрларын даярлау үшін 1997 жылға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлерінің жалпы адам саны мен қаражаты есебінен Петропавл қаласында Қазақстан Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің Жоғары әскери училищесі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

училищені құру жөніндегі ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін 1997 жылға Ішкі әскерлерге бекітілген смета есебіне үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығына 75 (жетпіс бес) млн, теңге сомада қаржыландыру жасасын;

1998 жылдан бастап аталған жоғары оқу орнын ұстауға және материалдық-техникалық базасын нығайтуға белгіленген нормалар бойынша республикалық бюджетте қажетті қаржы көздесін.

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі әскери қызметшілер мен профессор-оқытушылар құрамын тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі